

# Тақырып 10. Ұлттық экономика: мазмұны, құрылымы және нәтижесін өлшеу

1. Ұлттық экономика

2. Макроэкономикалық талдау ерекшеліктері

3. Ұлттық есеп жүйесі. Жалпы ұлттық өнім

4. ЖІӨ есептеу әдістері

5. Қазақстан Республикасындағы ұлттық есеп жүйесі

## 1. Ұлттық экономика

---

Макроэкономикада зерттелетін негізгі мәселелер:

- ұлттық өнім және ұлттық табыстың мөлшері мен құрылымын анықтау;
- жұмыссыздық және жұмыспен қамтудың мәселелері;
- инфляция мен инфляция қарсы саясат;
- экономикалық өсудің түсінігімен факторларын зерттеу;
- экономикалық дамудың циклдары;
- ұлттық экономиканың сыртқы экономикалармен өзара әсерлерін зерттеу;
- мемлекеттің макроэкономикалық саясатының мәселелері.

Экономиканың дамуын ұлттық есептер жүйесі (Ұ.Е.Ж.) мен халық шаруашылығының балансы жалпылама сипаттайды.

Ұ.Е.Ж. негізінде есептелген макроэкономикалық көрсеткіштерде материалдық және материалдық емес өндірістің айырмашылығы есепке алынбайды.

Макроэкономикалық көрсеткіштерге жататындар жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ.), жалпы ішкі өнім (ЖІӨ.), таза ұлттық өнім (ТҰӨ), ұлттық табыс (ҰТ) және жеке табыс (ЖТ.).

**Жалпы ұлттық өнім Ж.Ұ.Ө.** - белгілі уақыт кезеңінде қоғамның қарамағындағы ұлттық өндірістік факторлармен өндірілген барлық игіліктер мен қызмет түрінде анықталады. Жалпы ұлттық өнім ЖҰӨ. - бұл ұлттық тауарлар мен қызмет көрсетудің бір жылдық нарықтық құны.

Экономикалық теорияда жалпы ұлттық өнім ЖҰӨ *номиналды және нақты* түрге бөлінеді.

Жалпы ұлттық өнімді ағымдағы нарықтық бағамен есептегенде, бұл оның номинальды түрін сипаттайды. Бұл көрсеткіштің нақты түрін анықтау үшін номиналды жалпы ұлттық өнімді ЖҰӨ-ді инфляция ықпалынан арылту арқылы, яғни баға индексіні қолдану арқылы есептеумен анықталады.

$$\text{Нақты ЖҰӨ} = \frac{\text{номинальды ЖҰӨ}}{\text{баға индексі}}$$

Номинальды жалпы ұлттық өнімнің нақты жалпы ұлттық өнімге қатынасын жалпы ұлттық өкілінің **дефляторы** деп атайды.

$$\text{ЖҰӨ дефляторы} = \frac{\text{номинальды ЖҰӨ}}{\text{нақты ЖҰӨ}}$$

Экономиканың өсу мөлшері нақты ЖҰӨ-нің өсуінің мөлшері болып табылады.

ЖҰӨ-нің өсу себептері:

- экономикадағы ресурстар санының өзгеруіне қатысты;
- өнім факторының өзгеруінің нәтижелігі;
- өнімді өсіруге ыңғайлы ете отырып жұмысты өзгерту.

Тауар мен қызмет көрсетудегі орташа баға пайызының өзгеруін баға индексі дейміз. Индекті белгілеуді бастаған жылды базистік жыл дейміз. Базистік жылдық баға индексі ылғи да 100-ге тең болады.

*Тұтыну бағаларының индексі* - тұтыну қоржынына кіретін тауарлар мен қызметтер бағаларының өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш:

$$\text{Тұтыну бағаларының индексі} = \frac{P_a \times Q_k}{P_b \times Q_k}$$

Мұнда  $P_a$ ,  $P_b$  - ағымдағы және базистік жылдың бағалары.

$Q_k$  - тұтыну қоржынына кіретін тауарлардың саны.

ЖҰӨ дефляторы мен тұтыну тауарлар бағасының индексі арасындағы айырмашылық:

1. ЖҰӨ дефляторына мемлекетте өндірілген барлық тауарлардың бағалары кіреді.
2. ЖҰӨ дефляторына осы елдің капиталы арқылы өндірілген өнімнің көлемі кіреді.
3. Тұтыну баға индексінің есебіне тек қана тауарлар мен қызметтердің белгіленген (шектелген) көлемі кіреді.

Халықаралық статистикада жалпы ұлттық өнімді өлшеудің негізінен екі тәсілі қолданылады. Екі тәсіл де бірдей болып бағаланады.

1. *Шығындар бойынша* ЖҰӨ өлшегенде шығындардың келесі түрлері қосылады:

- жеке тұтыну шығындарына халықтың ағымды тұтыну үшін тауарлар сатып алуға, ұзақ мерзімде пайдаланатын тауарлар сатып алуға, қызметтер үшін төлем жасауға жұмсалатын ақша құралдары жатады;

- кәсіпкерлердің машиналар мен жабдықтар сатып алудан тұратын және құрылыстар мен айналым қорларының өзгертуге жұмсалатын барлық шығындардан тұратын жалпы инвестициялар.

- тауарлар мен қызметтерді мемлекеттің сатып алуы, бұл шығындарға жатпайтын мемлекеттің бюджеттік шығындарының түрі трансферттік төлемдер, себебі олар тауарлар мен қызмет көрсету қозғалысымен байланысты емес.

- таза экспорт – шетелдіктердің осы елдің тауарларын сатып алуға жұмсаған шығындарының көлемі мен осы елдің шетел тауарларын сатып алуға жұмсаған шығындарының көлемінің айырмашылығы.

$$\text{ЖҰӨ} = \text{C} + \text{G} + \text{I} + \text{X};$$

Мұндағы: С - жеке тұтыну шығындары;

G - мемлекеттің сатып алуы,

I - жалпы инвестициялар,

X - таза экспорт.

2. Табыстар бойынша есептеу шаруашылық іс-әрекеттер субъектілерінің табыстарын бөлу және табыстар төлемімен байланыссыз бөлінетін қаржылардың құрылу тәртіптерін сипаттайды:

$ЖҰӨ = W + R + I + P$ , мұнда:

$W$  - жұмысшының жалақысы,

$R$  - ренталық төлемдер,

$I$  - жинақ капиталының пайызы (%),

$P$  - фирма мен корпорацияның пайдасы.

ЖҰӨ-ді есептеу тағы бір әдісі – қосымша құнға негізделген әдіс өндірістің әр сатысында қосылған шығындарды алудан сауда көлемін ескереді.

**ЖҰӨ өлшемінің негізгі мәселелері:**

- кейбір өнім нарықта сатылмағандықтан, дұрыс өлшембейді. Бұған мемлекет қызметі, ерікті еңбек және өз пайдасы үшін істелген қызмет кіреді,

- тауар сапасын жақсартуды дұрыс есептеу қиынға соғады,

- кейбір операциялар нақты ЖҰӨ-ге қосалқы түрде өлшенеді.

*Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)* - белгілі бір мерзімде ел шеңберінде өндірілген барлық тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны.

$ЖІӨ = ЖҰӨ$  - сыртқы экономика операция бойынша сальдо

*Таза ұлттық өнім ТҰӨ* бұл қолданудан шығарылған жабдықтардың орны толтырылғаннан кейін тұтыну үшін қалған түпкі өнімдер мен қызметтердің сомасы. Келесі формула бойынша есептеледі:

$ТҰӨ = ЖҰӨ - А$

Мұнда  $A$  – амортизациялық жарнаның сомасы.

ТҰӨ-нің бік компоненті бизнеске салынатын жанама салықтар экономикалық ресурстардың ағымдағы үлесін көрсетпейді, сондықтан жанама салықтың көлемі ұлттық табысты ҰТ есептегенде ТҰӨ-нің ақшалай көлемінен алынады.

$$\text{ҰТ} = \text{ТҰӨ} - \text{ж.с.}$$

Мұнда: ж.с. – жанама салықтар.

*Жеке табыс* ЖТ халықтың жеке тұтынуына түсетін ақшаның санын және осы жағдайдың ҰТ-тың қозғалысында орын алатын қайта бөлу процестерін көрсетеді. Жеке табысты есептегенде ҰТ-тан корпорациялардың пайдасына салынатын салықтар, олардың бөлінбей қалған пайдасы, әлеуметтік сақтандыру жарналарының көлемі алынып тасталады, трансферттік төлемдер қосылады.

$$\text{ЖТ} = \text{ҰТ} - \text{С} + \text{Т}$$

мұнда: С - корпорациялардың пайдасына салынатын салықтар, бөлінбей қалған пайдасы, әлеуметтік сақтандыру жарналарының көлемі;

Т - трансферттік төлемдер.

*Қолда қалған табыс* адамдардың жұмсай алатын табыстарын сипаттау үшін қолданылады, осыны есептеу үшін жеке табыстан халық төлейтін салықтардың жалпы көлемі алып тастайды.

*Макроэкономикалық тепе-теңдік* - жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың тепе-теңдік көрінісі. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың сызықтарының қиылысуының мағынасы – бұл баға дәрежесінің теңдігі мен ұлттық өндірістің тепе-теңдігі.

## 2. Макроэкономикалық талдау ерекшеліктері

Макроэкономикалық талдаудың ерекшелігі - оның ең маңызды қағидасы ретінде ойша жіктеу болып келеді. Макроэкономикалық талдау агрегаттауды талап етеді.

*Агрегаттау* - ол жеке элементтердің біртұтас, агрегатқа, жиынтыққа бірігуі. Агрегаттау макроэкономикалық агенттерді, макроэкономикалық нарықтарды, макроэкономикалық өзара қатынастарды, макроэкономикалық көрсеткіштерді атап айтуға мүмкіндік береді.

Экономикалық агенттер мінез-құлқының типтік қасиеттерін табуға негізделген агрегттау 4 макроэкономикалық агентті атап көрсету мүмкіндігін қамтамасыз етеді:

- 1) үй шаруашылықтары;
- 2) фирмалар
- 3) мемлекет
- 4) шетел секторы

1. *Үй шаруашылықтары* - ол жеке, тиімді, оңтайлы жұмыс жасайтын агент, оның экономикалық қызметінің мақсаты - ең жоғары пайдалыққа жету.

Олар: а) экономикалық қорлардың (еңбектің, жердің, капиталдың және кәсіпкерлік қабілеттіліктердің) иесі болып келеді;

б) тауарлар мен қызметтердің негізгі сатушысы болып келеді. Табыстың қалған бөлігін үй шаруашылықтары сақтайды;

в) негізгі сақтаушы немесе несие беруші (кредитор) болып келеді, яғни экономикада несие қаражаттарының ұсынысын қамтамасыз етеді.

2. *Фирмалар* – жеке дербес, оңтайлы әрекеттегі макроэкономикалық агент, оның экономикалық қызметінің мақсаты – пайданың өсуі.

Фирмалар: а) өндіріс үдерісін қамтамасыз ететін экономикалық қорлардың сатып алушысы ретінде;

б) экономикада тауарлар мен қызметтердің негізгі өндірушісі болып келеді. Өндірілген тауарлар мен көрсетілген қызметтерді сатудан алынған түсімді фирмалар үй шаруашылықтарына факторлық табыстар түрінде төлейді.

в) инвесторлар, яғни инвестициялық тауарлар мен қызметтердің сатып алушылары болып табылады;

г) экономикадағы негізгі қарыз алушы болып келеді, өйткені несие құралдарына сұраныс береді.

3. *Мемлекет* - экономиканы реттеуге, экономикалық процестер (үдерістер) барысына әсер ету саяси және заң құқығы бар мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жиынтығы.

Мемлекет - ол дербес (жеке), оңтайлы әрекеттегі макроэкономикалық агент, оның негізгі міндеті – нарықтың сәтсіздікке ұшырауын болдырмау және қоғамдық игілігін жоғарлату, ол:

а) қоғамдық игіліктердің өндірушісі;

б) өзінің көптеген міндеттерін атқару үшін және мемлекеттік секторының (бөлігінің) қызметін қамтамасыз ету үшін тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алушысы ретінде табылады;



в) ұлттық табыстың (салықтар мен трансферттер жүйесі арқылы) қайта үйлестірушісі;

г) мемлекеттік бюджеттің жағдайына байланысты – қаржы нарығында қарыз, несие беруші немесе қарыз алушы.

д) нарық экономикасы қызметінің реттеушісі мен ұйымдастырушысы болып табылады.

Макроэкономикалық саясат :

- экономикалық өсуді қамтамасыз ететін құрылымдық;

- экономиканың мерзімдік құбылуларын (тұрақсыздануын) басуға, ресурстардың жұмыспен толық қамтылуына, бағалардың тұрақты деңгейін және сыртқы экономикалық тепе-теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған конъюктуралық (тұрақтандыру) саясатына.

Тұрақтандыру саясатының негізгі түрлері:

а) Фискалдық (немесе бюджеттік-салықтық) саясат

б) монстарлық (немесе ақша-несиелік) саясат

в) сыртқы экономикалық саясат

г) табыстар саясаты

4. *Шетелдік сектор* (бөлік) - дүниежүзінің барлық басқа елдерін біріктіріп, жеке оңтайлы әрекеттегі (қызмет жасайтын) макроэкономикалық агент.

Ол осы елмен келесілер арқылы өзара әрекеттестікті іске асырады:

а) халықаралық сауда арқылы (тауарлар мен қызметтердің экспорты мен импорты);

б) капиталдардың ауысуымен (капиталдың экспорты мен импорты, яғни қаржы активтердің).

Талдауға шетел секторының (бөлігінің) қосылуы ашық экономиканы алуға мүмкіндік береді. Нарықтардың агрегаттауы әрқайсысының қызмет атқару заңдылықтарын табу, атап айтқанда – нарықтың әр қайсысына сұраныс пен ұсыныстың қалыптасу ерекшеліктерін, олардың тепе-теңдік жағдайларын зерттеу, сұраныс пен ұсыныс ара қатынастарының негізінде тепе-теңдік баға мен тепе-теңдік көлемді анықтау, әр нарықтағы тепе-теңдіктің өзгеру салдарын талдау мақсатымен өткізіледі.

Нарықтардың агрегаттауы 4 макроэкономикалық нарықты айыруға мүмкіндік береді:

- 1) тауарлар мен қызметтер нарығы (шынайы нарық)
- 2) қаржы нарығы (қаржы активтер нарығы)
- 3) экономикалық ресурстар (қорлар) нарығы
- 4) валюталық нарық.

### 3. Ұлттық есеп жүйесі. Жалпы ұлттық өнім

ҰЕЖ - макродеңгейде нарықты экономиканың дамуын сипаттау және зерттеу үшін барлық елдерде қолданылатын ақпараттар жүйесі. Қазақстан Республикасы ҰЕЖ-не 1993 ж. көшті.

**ҰЕЖ** – бұл жыл ішіндегі табыстардың макроэкономикалық бухгалтерлік сандық көрініс алуы болып табылады.

Шоттағы мәліметтер экономикалық операциялар топтарын (тұтыну, жинақ, экспорт және т.б.) ғана сипаттайтын жалпылама сандық сипаттама емес, сонымен қатар төтенше жағдайлар нәтижесінде активтердің өзгеруін көрсетеді.

Шоттағы салалар баланстық әдіспен есептелінеді, яғни ресурстар бөлігіндегі (шоттың оң жағы) сомасынан пайдалану бөлігіндегі (шоттың сол жағы) сомасын шегеру арқылы.

*Жалпы қосылған құн = Жалпы шығарылған өнім - аралық тұтыну.*

Шот формасы Т-формалы келеді және баланстық бабы келесі шоттың алғашқы бабы болады.

ҚР келесі шоттар қолданылады:

- |  |                                     |
|--|-------------------------------------|
| - өндіріс шоты;                                    | - қолда бар табысты пайдалану шоты; |
| - табыстың пайда болу шоты;                        | - капиталмен операциялар шоты;      |
| - алғашқы табыстырды бөлу шоты;                    | - тауарлар мен қызметтер шоты;      |
| - табыстарды қайта бөлу шоты<br>(ақшалай формада); | - қаржылық шот.                     |

Шоттар көрсеткіштерінің байланысы келесі мысалда көрсетілген:

<b>Өндіріс шоты</b>	
<b>Пайдалану</b>	<b>Ресурстар</b>
2. Аралық тұтыну	1. Жалпы шығарылған өнім
3. Жалпы қосылған құн (1-2)	
Барлық пайдаланғаны	Барлық ресурстар

<b>Табыстың пайда болу шоты</b>	
<b>Пайдалану</b>	<b>Ресурстар</b>
2. Еңбекақы	1. Жалпы қосылған құн
3. Өндіріс салығы	
4. Негізгі капиталды тұтыну	
5. Пайда/аралас табыс (1-2-3-4)	
Барлық пайдаланғаны	Барлық ресурстар

*ЖІӨ есептеу әдістері:*

- 1) Өндірістік - өндіріс кезеңінде ЖІӨ есептеу.
- 2) Бөлу әдісі - табыстар негізінде есептелінеді.
- 3) Ақырғы тұтыну әдісі.

Салааралық баланс - макродеңгейде өндіріс және бөлу шоттарының құндық және табиғи көрсеткіштерінің өзара байланысы схемасы.

Қайталап есептеуді болдырмау үшін, ЖҰӨ - ге кірмейтіндер.

1) Аралық тауарлар, кейін қайта өндіруге кететін өнімдер. Оған шикізат, жанармай, көмекші материалдар жатады. Мысалы, ЖҰӨ - ге нан пісіретін өндірістегі ақтық тауарларды алу үшін қажетті дән, ұн, ашытқы жатпайды. Егер біз оларды қоссақ, онда ЖҰӨ - нің құнын үстемеленген құнның мөлшеріне дейін өсіретін едік.

а) Төлемдер (әлеуметтік сақтандыру, зейнетақы, жұмыссыздыққа жәрдемақы байланысты)

2) Барлық өндірістік емес келісімдер, яғни өндірілген өнімнің көлемінің өсуіне мүмкіндік туғызбайтындар. Оларға жататындар:

а) Бағалы қағаздарды сату сатып алу жөнінде келісімдер.

ә) Ұсталған заттарды сатып алу.

#### 4.ЖІӨ есептеу әдістері

ЖІӨ анықтауындағы «*жалпы*» деген *термин* ЖІӨ есептегенде оның құнынан негізгі капиталдың тұтынуы алынбайтынын білдіреді.

Бір елдің экономикалық аумағында экономикалық мүддесінің орталығы бар, олардың ұлтынан тәуелсіз барлық экономикалық бірліктер (кәсіпорындар, үй шаруашылықтары) *резиденттер* болып саналады.

ЖІӨ өлшеудің 3 тәсілі бар:

- қосымша құн бойынша (өндірістік әдіс);
- шығындар бойынша (соңғы пайдалану әдісі);
- табыстар бойынша (бөлу, үлестіру әдісі).

ЖІӨ өндірістік әдіспен есептегенде соңғы өнім өндірісінің әр сатысында қосылған құн сомаланады (қосылады). Ол шаруашылық қызметтің әр қатысушысының үлесін көрсетеді.

**Қосымша құн** - ол барлық фирмалар өнімдерінің нарықтық бағасы, өнімнің өндірісіне осы фирмалармен сатып алып шығындалған шикізат пен қосымша материалдың құнын санамағанда.

Елдің барлық экономикасымен шығарылған (құрылған) қосымша құндардың жалпы сомасы - барлық өндірілген тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны.

*Шығындар бойынша* ЖІӨ есептегенде үй шаруашылықтардың, мемлекеттің тауарлары мен қызметтерінің түпкілікті тұтынуына, жалпы инвестицияларға, таза экспортқа шығындар жинақталады.

Жинақталған шығындарды бірнеше құрамдас бөлікке бөлуге болады:

$$ЖІӨ = C + I + G + X,$$

Мұнда:  $C$  - тауарлар мен қызметтерді сатып алуға елдің тұтыну шығындары, бірақ оларға үй-жай сатып алуға кететін шығындар кірмейді.

$I$  - валдық, жалпы инвестициялар, оларға өндірістік капитал жұмсау немесе негізгі өндірістік қорларға инвестициялар, тұрғын үй құрылысына инвестициялар, қорларға салынған инвестициялар кіреді. Валдық (жалпы) инвестицияларды таза инвестициялар мен амортизациялардың сомасы ретінде көрсетуге болады.

$G$  - тауарлар мен қызметтердің мемлекеттік сатып алулары – мысалы, құрылысқа кететін шығындар, мектептерді, жолдарды, армияны, мемлекеттік басқару аппаратын ұстауға кететін шығындар.

$X_n$  - экспорт пен импорттың айырымы ретінде есептелетін шетелге жіберілетін тауарлар мен қызметтердің таза экспорты.